

Ахметова Гульнур Серикбековнаның 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Абай облысы жер – су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдың округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Төқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» стратегиялық мақаласының; - Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандығы № 636 Жарлығы;</p> <p>- «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының;</p> <p>- Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің «жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауының және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2018 жылғы 21 қарашада жарияланған «Ұлы Даңаның жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.</p> <p>2) Диссертациялық жұмыс 7.1.5 Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер атты ғылым дамуы басым бағытының 7.2.6. Қоғамды жаңғыру жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың</p>

			<p>ортактығы;</p> <p>7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қогамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары атты мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Атап айтқанда, Абай облысы Абай, Абыралы аудандарының микротопонимдерінің лексика - семантикалық жүйесін кешенді зерттеу арқылы тіл білімінің топонимика, топонимжасам, аймактық топонимика, этнолингвистика, тарихи-лингвистика, лексика, семантика салаларының дамуына септігін тигізеді. Жұмыстың негізгі қағидалары, нәтижелері, корытындыларының жеткілікті деңгейде екендігіне дәлел ретінде диссертанттың зерттеу тақырыбы негізінде жарияланған ғылыми мақалаларын көруге болады. Диссертациялық жұмыс аясында 9 мақала, оның ішінде КР білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми конференция мен семинарларда Змақаланың жариялағандығына көз жеткіздім.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өз іжазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссиденттың зерттеу жұмысының деңгейін саралай келе өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін зерттеу нәтижелері барысында толықтай көрсете алған. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшадан тұрады. Диссидент алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін зерттеудің өзектілігін айқындал, нақты міндеттерді саралап көрсеткен. Ізденис</p>

			барысында жасаған тұжырымдарында өзіндік дербес пікір- пайым бар.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1)негізделген; 2)жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың жазылуында «Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктегі теориялық негіздемесі», «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы» және «Абай облысы жер - су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері» атты үлкен үш бөлімнің өзара ішкі бірлік қағидалары сақталған, талаптарға сай орындалып жазылған. Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі айқындалған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындейды 1)айқындейды; 2)жартылай айқындейды; 3) айқындаімайды	Диссертациялық жұмыс мазмұны зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндеттерін орындаі отырып, нақты тұжырымдар негізінде диссертация тақырыбын толық айқындейды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкескеледі: 1)сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ұсынылып отырған жұмыста Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі бойынша географиялық нысан атауларын анықтап жинақтау және топтастыру, өнір топонимиясы қалыптасуының қоғамдық-тарихи және географиялық негіздерін айқындау, этномәдени факторларына сипаттама беру, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру және сөзжасамдық-құрылымдық сипаттың ажырату тұрғысынан кешенді зерттеуді мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, әрі жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Тұжырымдары да нақты, әрі дәлді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, корытындыдан, пайдаланған әдебиеттер мен қосымшадан

		2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	тұрады. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары нақтылай алады. Бөлімдері арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Г. Ахметованың зерттеу барысында қолданған әдістерінде нәтижелер мен түйіндеулер дәлелді түрде берілген. Диссидент жұмысты жазу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, аналитикалық-интерпретативті талдау, функционалдық-жүйелілік талдау, сипаттау сынды бірнеше әдістері қолданған. Әдістерді қолдана отырып салыстырмалы талдаулар жасай білген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Жұмыста негізделген тұжырымдардың жаңашылдық деңгейі, біріншіден, тұнғыш рет өңір топонимдерінің жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйе ретінде арнағы зерттелініп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылған, екіншіден, ғылыми жұмысты жазуға тілдік деректерді қарастыру барысында 1500-ге жуық жер-су атаулары топастастырылып, тілдік тұрғыдан талданған, үшіншіден, алғаш рет Абай ауданы және Абыралы өңірінің жер-су атаулары топастастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелген және алғаш рет Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларының сөзжасамдық құрылымдық сипаты анықталған, сонымен қатар, аталған өңірлер бойынша алғаш рет

			жинақталған тілдік материал аталған өңірлердің топонимикалық сөздігін жасауға негіз болғаны нақты мысалдармен дәлелдей беруі толығымен жаңа болып есептеледі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылды. Тұжырымдар мен қорытындылардың жаңашылдық деңгейі нақтыланы түскен.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мазмұнына сай техникалық шешімдері негіздерге сүйене отырып жаңа және негізделген. Шешімдердің негізделуі 75% -дық үлесие жаңа болып табылады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ахметова Гүлнұр Серікбекқызының диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы нақты деректерді талдау, тіл білімі ғылымында орнықкан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын–сонды айтылған пікірлерді сраптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
7	Коргауга шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарғ ажаяуп беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?	Диссертация негізіндегі ұсынылған әрбір қағидат нақты дәлелдермен ұсынылған. Әр тұжырым нақты мысалдармен дәлелденген. Жаңашылдық деңгейі жоғары. Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазак және

		<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кен</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>ағылшын тіліндегі ғылыми көпшілікке конференция материалдары, ғылыми мақалалар түрінде ұсынылған. Атап айтқанда, 1.Абай ауданы жер-су атауларының ерекшелігі // Қазақ білім академиясының баяндамалары. - 2019. - № 4.</p> <p>2.Абай ауданы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі // Қазақстанның білімі мен өмірі. - 2020. - №7/(2).</p> <p>3.Абай өңірі топонимдерінің этимологиялық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. - № 1(138).</p> <p>4.Абай өңірі ономастикасындағы антротопонимдердің лингвистикалық сипаты // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. 2023. - № 3.</p> <p>5.Lexical and semantig characteristics of place and water names of the Abay District // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. - № 4. атауға болады. Зерттеу жұмысының жетістіктерін дәйектейтін бағыттардың бірі де бірегейі – ғылыми басылымдарда жариялануы.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты жазылған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне қазақ ономастикасының жалпы мәселелеріне қатысты зерттеушілердің еңбектері негізге алынған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманы әдістері мен</p>

		<p>арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>Диссертациялық жұмыста негізгі теориялық қорытындылар мен тұжырымдар топонимика саласындағы іргелі еңбектерді жан-жақты қарастыра отырып жасалған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияда маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, оларды басшылыққа алу негізінде жазылған. Жұмыста белгілі тілші, топонимист, лингвомәдениеттанушы ғалымдардың 141 отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріліп, сілтемелері расталды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық зерттеуде Абай, Абыралы өңірлерінің топонимикалық жүйесі қалыптастырылып, олардың лексика-семантикалық, сөзжасамдық ерекшеліктері анықталған. Топонимикалық жүйенің тілдегі қызметі нақты</p>

			материалдар қарастырылып, атауларына кешенді жер-су негізінде талдау жасалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Зерттеудің материалдары аймақтық топонимикалық зерттеулерде, түркі және шет тілдеріндегі топонимия бойынша салыстырмалы жұмыстарда, топонимикалық экспедицияларда географиялық атауларды жинау кезінде, топонимикалық сөздіктер мен атластарды құрастыру кезінде, Абай облысы топонимикасы бойынша арнайы курстар мен қазақ тілі тарихы мәселелері бойынша арнайы семинарлар әзірлеу кезінде тәжірибе жүргізуде алынған нәтижелерді қолданбалы сипатта іске асыруға мүмкіндігі бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация жұмысының практикалық маңыздылығы жоғары. Топонимдік жүйе туралы жаңа пайымдаулар мен шешімдер жасауга мүмкіншілік беретін жаңашылдығымен ерекшеленеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4) төмен.	Ахметова Гүлнұр Серікбекқызының 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы ҚРБФМ Білім және гылым саласындағы бақылау Комитетінің «Академиялық дәрежені тағайындау ережесінің» 2 бөлімінде көрсетілген талаптарына жауап

			береді. 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.
--	--	--	--

Шешім:

Ахметова Гульнур Серикбековнаң «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеуі жоғарыда айтылған ғылыми пікірді негізге ала отырып, 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері ғылыми талаптардың мүддесінен шығады.

Ахметова Гульнур Серикбековнаң «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациясы Қазақстан Республикасы және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар зерттеу ретінде 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

С. Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы



К.А.Кусманова

*К.А. Кусмановың дағын растамасы.
Пән жүйбө мактаны. Ессе*